

Педагог-дефектологтың 2023-2024 оқу жылында жүргізген жұмыстарының есебі

Мектептегі дефектологиялық қызметтің негізгі мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың интеллектуалдық және сенсорлық дамуындағы ауытқулардың алдын алу, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу арқылы білім беру.

Міндеті: Дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзеу жөніндегі шешімдерді жас ерекшелігіне байланысты қолдану. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету. Оқушылардың дүниетанымдық деңгейін байыту, коршаган орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Мектептегі дефектолог жұмысының негізгі бағыттары: диагностика, агарту және кеңес, алдын –алу жұмыстары бойынша жүргізілді.

Әр оқушыға жеке диагностикалық сабактар 30-35 минуттан, аптасына 2 рет барлығы 60-70 минут. Топтық жұмыстар 45 минуттан, аптасына 2 реттен барлығы 90 минут.

Қыркүйек айында 1-ші сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау және 5-ші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілді.

Әр сыныптың сабактарына жекелей қатысып оқу үлгерімі жағынан, тіл кемістігі жағынан, жалпы оқушылардың психологиялық ахуалы қадағаланады. Жалпы жылдық, айлық, апталық жоспарлар құрылды. Дефектолог жұмысының циклограммасы жасалды.

Қыркүйек айында

Мүмкіндігі шектеулі балаларды психикалық даму ерекшеліктері туралы диагностикалық іс-құжаттарын жинақталды.

Мектепте мүмкіндігі шектеулі 3 оқушы бар:

МАД тобнда Әнуарбек Бекжан

4 сынып Қанатұлы Жантілек

9-сынып Елтай Балнұр

Ата-ананың өтінішімен 7 оқушы бар.


Осы оқушылардың, ата-аналарының құжаттары жинақталды.

Мүмкіндігі шектеулі балаға медициналық, педагогикалық мағұлматтар жиналды.


Қазан айында

- 1.Бастауыш сынып оқушыларының тіл кемістігі бар балалар анықталды.
2. «Р» дыбысын күрмалас сөйлемдерде машиқтандыру.

Арнайы тақташада «Р» дыбысының үлгісін салу және р дыбысынан басталатын сөздерді айта отырып, қорапшага фигуralар жинау.



3.Осы топтағы оқушыларға «Санап және есептеп үйренеміз» сабағы өткізілді.



Қараша айында

1. Кемістігі анықталған оқушыларды топқа және жеке дара жұмыс жасау тобына жинақталды.
2. Сынып оқушыларының сөйлеу мәнеріндегі дыбыстың дұрыс шығуы қадағаланды.
3. Жыл мезгілдерін анықтау жаттығуы бастауыш сынып оқушыларымен өткізді.
4. Бірінші сыныптың ат-аналарына дефектолог маманнан кенес берілді.

Желтоқсан айында

1. Әр тоқсан сайын түзету-педагогикалық жұмысқа түзетулер енгізу.
2. Жеке дара түзету –дамыту сабактарын өткізу.
3. Жеке баламен «Күм терапиясы» жаттығуы
4. «Попугай әдісі» бойынша жаңылтпаштар мен таблицаны еске түсіру. Логикалық тақатамен жұмыс.



Қантар айында

1. көру, есту, сөйлеу қабілеті бұзылған, сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға психологиялық көмек көрсетілді.
2. Бастауыш сынып оқушыларымен Оқушының есте сақтауын тексеру жаттығуы жүргізілді.
3. 7-8 сыныптарға Біз өмірді қолдаймыз тақырыбында баяндама оқылды.



Ақпан айында

1. Оқушылардың даму динамикасының ерекшеліктерін анықтау мақсатында сабак барысында бакыланып отырды.
2. Жеке кенес беру. Әр ата-ананың жекелей сұраптарына жауап беру.

26.02.2024ж күні мектеп психологы мен дефектологының ұйымдастырыммен «Психология-ғажайып әлем» атты психологиялық апталықтың ашылуы болып өтті. Апталықтың бірінші күні «Әрбір бұлтты қүннен кейін, міндетті түрде күн шығады!» деген ұстаныммен апталықтың ашылу салтанаты болып, апталықтың іс-шара жоспарымен таныстырылды. Апталықтың ашылуы барысында оқушылармен психологиялық жаттығулар жүргізілді. «Бізден сізге бір тілек», «Сізден бізге бір тілек» атты плакаттар ілініп, мектеп ұстаздары мен оқушылары өз жүрек жарды тілектерін білдірді. «Мен өзіме сенемін» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты адам бойындағы ішкі сезімдерді шығара білу, кез келген қызын жағдайдан шыға білу, қарым-қатынастарын нығайту. Тренингте оқушылардың бойына сенімділік ұялату мақсатында түрлі психологиялық жаттығулар мен ойындар жүргізілді. Оқушылар тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.




27.02.2024ж күні «Қарым-қатынас, өмір атты тағамның ең керемет тұздығы» атты ұстаныммен оқушыларға үзілісте көнілді ойындар өткізілді. Сонымен қатар, 7-8 сынып оқушыларымен «Менің жарқын өмірім» тақырыбында психологиялық тренингтер өткізілді. Мақсаты: өмір құндылықтарының мәнін ашу арқылы адам өмірінің сипаты мен тірлігі туралы ұғымдарын көңейту. Өмір сырын түсіну, өмір сұру жолдары туралы өзіндік орнын, өмірлік бағдарын дамыту. Әдемтілікке тәрбиелеу. Тренинг барысында оқушыларға өмір туралы әңгімелер айттылып, оқушылар өз ойларымен бөлісті. Түрлі көнілді ойындар мен жаттығулар жүргізіліп, оқушылар тренингтен алған әсерін «Аяқталмаған сөйлем» жаттығумен қортындылады.



28.02.2024ж күні «Эрбір адам, өз бақытының жаршысы» атты ұстаныммен апталықтың жоспарына орай әлеуметтік педагог А.Ахановтың үйымдастыруымен «Жақсылық жасап жарыс» тақырыбынды қайырымдылық акциясы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке тәрбиелеу. Эр сыныптың балалары ұстаздарымен дайындаған дәмділерін сатылымға шығарып, түскен қаражатын қайырымдылыққа берді.

29.02.2024ж күні «Болашақ бүгіннен басталады» атты ұстаныммен апталықтың төртінші күні оқушыларға үзілісте көңілді ойындар өткізілді. Сонымен қатар мектептегі кіші қызметкерлермен «Көтерінкі көңіл-күй жанға қуат береді» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке қатысушылардың эмоционалдық көңіл –күйін көтеру, шаршагандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру максатында түрлі ойын жаттығура жүргізілді. Тренинг барысында қатысушылармен «Түрлі –түсті доптар», «Ғажайып бак» «Құм терапиясы» тағы да басқа сергіту жаттуғалары жүргізіліп, қатысушылар тринингтен алған әсерлерімен бөлісті. «Ата-ананың басты қуанышы бала» б сынып оқушыларының ата-аналарына тренинг өткізілді. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түснідіру; Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру; тренинг барысында ата-аналарға түрлі ситуациялық сұрақтар мен ойындар жүргізіліп, ата-аналар өз ойларын ортаға салып, кері байланыс жасады.



Алғыс айту күніне байланысты «Ұлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбында жасырын камера ұйымдастырылды

Мақсаты: Бала бойына адамгершілік қасиеттерді сініру.




01.03.2024 ж күні Апталықтың корытындылау күні 1-наурыз Алғыс айту күніне арналған жын өткізілді. Жынга мектеп мұғалімдері мен окушылары түгел қатысып, бір-біріне алғыстарын жеткізді.
Апталықтың соңғы күні окушыларға апта бойы жүргізілген ойындар мен тренингке белсенді түрде қатысқан окушылар марапатталды.

Наурыз айында

19.03.2024 ж

Ұлттық құндылықтар негізінде инклузивти білім берудің тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбында аймақтық семинарда өткізілді.

Озге әріптестермен тәжірибе алmasу мақсатында «Инклузивти оқыту: білім баршаға ортақ» тақырыбында мұғалімдермен жұмыс көрсетілді.



Сәуір айында

1. Эр тоқсан сайын түзету-педагогикалық жұмысқа түзетулер енгізілді.
2. Отбасы жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарына кеңестер берілді.
3. Педагогтермен, психологпен мектеп медбикесімен балаларға ортақ көмек көрсетілді.

(Ата-аналарға психологпен бірлесіп кеңес берілді)



Мамыр айында

1. Даму динамикасын және жыл бойы жүргізілген жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында бастауыш сынып оқушылары диагностикалық тексеруден өткізілді. (ПМПК мамандарынан)
2. Жыл бойы жүргізілген жұмыстың нәтижелігін анықтау арқылы балаларға көмек көрсетілді.

Жыл соңында жылдық жоспарға сәйкес жүргізілген барлық жұмыстар сарапанып жинақталды. (папкаларға жинақталды)

2023-2024 жылға жоспарланған аудан және кент дефектологтарының семинарларының барлығына қатысып, өзіме керекті дүниелерімді алуға тырыстым.

Жыл бойы келген барлық қатынастарғада талдау жасалынды.. Орындалмай қалаған қатынастар болды. Мендеңі баланың жас ерекшелігіне және диагнозына сәйкес келмеуіне байланысты.

Мектептің педагог-дефектологы: Исатаева Бакжан